

Тәуелсіз Қазақстан
жолындағы мәдени-ағартушылық
және саяси тұрғыдан “Алаш” партиясы
көшбасшыларының халықта қызметі



Деятельность лидеров партии
«Алаш» – служение народу в
политическом и культурно-
просветительском аспекте на пути
к независимости Казахстана



Алматы “Мектеп” 2017

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Каз)
T29

T29 Тәуелсіз Қазақстан жолындағы мәдени-ағартушылық және
саиси түрғыдан “Алаш” партиясы көшбасшыларының халықта
қызыметі. Деятельность лидеров партии “Алаш” — служение
народу в политическом и культурно-просветительском аспекте
на пути к независимости Казахстана. — Алматы: Мектеп,
2017. — 160 б.

ISBN 978—601—07—0938—6

4702250206—085
T 404(05)—17 50—17

ISBN 978—601—07—0938—6

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Каз)

© Авторлар ұжымы, 2017
© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2017
Барлық құқықтары қоргалған
Басылымның мұлтік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

ТУЙГАНОВ М.С.

Старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин
Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Шракбека Кабылбаева, магистр педагогики и психологии, аспирант факультета Евразии и Востока ЧелГУ, капитан полиции

О КАДРОВОЙ ПОЛИТИКЕ В КАЗАХСТАНЕ ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XX ВЕКА И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПАРТИИ “АЛАШ”

Государство — это многомерная и многоплановая система взаимоотношений между людьми. Государство, являясь главным общественным системообразующим институтом создает свой профессиональный аппарат, “армию госслужащих”. Эволюция государственной службы любого государства — это одновременно эволюция госслужащего этого государства и главное место здесь занимает конкретный человек, личность. Причем это не просто личность, а совокупность социально значимых черт, которые характеризуют человека как представителя того или иного общества. Думается, во второй части данной формулировки можно добавить “как достойного представителя того или иного общества”.

В процессе политической модернизации кадровое обеспечение как одно из направлений государственной кадровой политики начинает изменять форму и внутреннее содержание государственной службы и государственного служащего соразмерно конкретным требованиям нового времени.

Современный Казахстан, как и другие страны постсоветского пространства, активно преобразовывает все сферы жизни общества. Профессионализм аппарата государственных служащих зачастую становится камнем преткновения в решении тех или иных задач различного масштаба. В нашей стране постоянно ведется работа по совершенствованию кадрового состава госорганов. Все ветви власти включены в этот процесс. Однако, как регулярно ведется эта работа, также регулярно мы наблюдаем несоответствие реальной действительности нашим идеальным представлениям. Нам

культурный прогресс нации, привлечение не только элиты, но и широких масс к политическим процессам посредством включения в представительные органы, общественные структуры — эти идеи остаются актуальными. Они являются основой для движения Казахстана и любой современной страны навстречу прогрессу.

Список использованной литературы:

1. История Казахской ССР. В 5-ти томах. Алма-Ата, 1977.
2. История Казахстан: “белые пятна”. Сборник статей. Алма-Ата, 1991.
3. Каратаев М. Дни и ночи нашей эпохи. На каз. языке. Алматы, 1993.
4. Алаш-Орда. Сборник документов. Алма-Ата, 1994.
5. Абдакимов А. История Казахстана. Алматы, 1994.

ШАУКЕНОВ Ж.А.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АВТОНОМИЯ
МӨСЕЛЕСІНЕ ҚӨЗҚАРАСЫ**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тізгінін өз колына алғаннан кейін “өзін демократиялық, зайдырылыштық және әлеуметтік мемлекет” деп жариялауды қоғамдық ғылымдар: заң, саясаттану, философия, тарих ғылымдары алдына тың түрпіттегі жаңа міндеттер жүктеді. Солардың бірі және біргейі ретінде халқымыздың ұлт болып қалыптасуына, оның үлттық және саяси сана-сезімінің оянуына, өзінің дербес мемлекеттілігін жариялау жолындағы күресінің дамуына орасан зор өсерін тигізіп, осы процестерге жетекшілік жасаған қазақ интеллигенцияларының саяси күресі мен құқықтық қозқарастарын зерттеу деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстан Ресейге бодан болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ әлкесінде отаршыл құқықтық жүйенің орнығын және оған қарсы қазақ оқымыстыларының саяси күресі олардың қазақ елінің мемлекеттік құрылымы жөніндегі саяси-құқықтық қозқарастарының әволюциясына негізделгені зерделенген.

Кешегі Қеңес Одағы дәуірінде бұл тақырып терең зерттелмегі, зерттелген күннің өзінде коммунистік идеология үстемдік еткен заманда марксік-лениндік әдістемесі шеңберіндеған қарастырылды. Қеңес Одағындағы барлық қоғамтанушы ғалымдар сияқты қазақстандық зерттеушілер де кез келген саяси оқиға, құбылыс, қозғалыс тарихына баға беруде, олардың жетекшілерінің құқықтық қозқарастарын айқындауда сол кезеңде үстемдік еткен таптық принцип тұрғысынан, қоғам мен оны қорғаушы құштерді міндетті түрде антогонистік таптарға жіктеу арқылы баға беріп келгені мәлім. Кез келген саяси курестегі бірден-бір саналы күш жұмысшы табы ретінде танылыш, ол яғни “пролетариаттың гегемондығы” мемлекет және құқық тарихындағы күмән көлтірмейтін абсолютті ақиқат ретінде басшылыққа алынды.

Тарихты халық жасағанмен, қоғамның тарихи даму зандағылқтарын реттеп отыратын зандар мен құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі. Ендеше, біз Қазақстан мемлекеті саяси және құқықтық ілімінің тарихын зерттеу үшін сол нақты тұлғалардың саяси емірбаяны мен құқықтық көзқарастарын білуіміз шарт. Тек соларды білу арқылы ғана сол кезеңнің саяси тарихының біртұтас кескін-келбетін жасай алмақпyz.

Қазақстан олем қауымдастыры қатарынан егемен ел ретінде өз орнын тауып, тәуелсіз өркениетті даму жолына түсіп, өзіміздің барлық ұлттық-рухани байлығымызды қайта жаңғыртқан осы бір өзгерістер заманында еліміздің еткен тарихына деген көзқарас жаңа сипаттаған болды. Өткенімізді таразылап, осы уақытқа дейін бурманып, ақиқаты айтылмаған немесе біржакты бағаланған төл тарихымыздың олқылау тұстарын жаңаша саралап, халқымыздың тарихын қайта қалыптастыру бағытында шаралар жүзеге асырылып жатқан мезгілде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларымыздың ғұмырнамасын жасау қолға алынды. Соған байланысты ұлт қайраткерлерінің туған еліне, халқына сінірген еңбегін, қоғамдық-саяси және алеуметтік процестердегі алар орнын ашу және олардың қайраткер ретінде қалыптасу мәселелеріне көп көңіл бөліне бастады.

Осындай қайраткерлердің қатарына XIX ғасырдың соны мен XX ғасыр басында тарих сақнасына шыққан қазак зиялыштарын жатқызуға болады. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, яғни 1905—1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясы, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, оларға жалғасқан Азамат соғысы қазак қоғамының саяси өміріне түбектелі өзгерістер әкелді. Осынау аласапыран заманда ел мен жер тағдырын тереңнен ойлаган ұлт зиялыштары мәселенің туған халқының мұддесіне сай шешілуі бағытында нақтылы өрекеттер жасап, саяси куреске араласты. Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыштары қазақ халқын Ресейдің отарлық езгісінен босату және оны өркениетті мемлекет етіп қалыптастыруды саяси курестерінің негізгі мақсаты етіп қойды.

Олар XX ғасырдың басында қазақ қоғамының ең өзекті мәселесі болған — отарлық езгіге қарсы халықтың ұлттық

санасын оятып, өзара бірлікке жеткізу мақсатында біртұтас идеологияның қажеттілігін түсінді және оны жаңа кезеңге сай жүйелеп, қалыптастыру жолында орасан зор жұмыстар атқарды. Бұкіл қазақ жүртін артынан ерте іс-кимыл жасай отырып, отарлау саясатының нәтижесінде ұлттық мемлекеттілігінен айрылып қалған елді экономикалық және рухани дағдарыстан шыгару жолын іздестірді, өз халқының мемлекеттігін қалыпта келтіріп, азат елдің болашағын армандады.

Бұғынгі таңда халқымыздың шынайы тарихын қалыптастыруда, сол зиялыш қауым өкілдерінің бірқатарының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтері зерттеліп, көпшілікке ұсынылуда. Дегенмен, олардың барлығының шығармашылық муралары толықтай зерттелді дең те айта алмаймыз.

Сондықтан бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарын тереңдете жүргізіп, қазак зиялыштарының шығармашылық мураларын насиҳаттай түсіуміз қажет. Шоқтығы биік тарихи тұлғаларымыздың өмірі мен шығармашылық қызметін қеңінен зерттеу, үстанған бағыттарын айқындаپ көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас үрпағын рухани және саяси тұрғыдан төрбиелеу үшін аса қажет.

Ұлттық автономия мәселелеріндегі қазақ интелигенциясының көзқарастары олардың өздері өмір сурғен заман тәрізді аса курделі. Олардың шынайы мазмұнын айқын түсіну үшін жанама зерттеушілердің емес, ұлттық интелигенция өкілдерінің өздерінің тұнусқа енбектерін терең және жан-жакты зерттеуіміз керек.

Қазақ ұлттық зиялыштарының автономия мәселесіндегі тарихи көзқарастары арнайы тарихнамалық зерттеуді қажет етеді.

Мундай мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан талдаудың өзіндік қыныштықтары да аз емес. Бұл үшін бәрінен бурын еліміздегі автономиялық қозғалыстар тарихына баса мән беруге тура келеді.

Қазақ зиялыштарының Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы үлкен бір саяси қорытындылары және биік белестері болып табылатын “Алашорда” мемлекеттік құрылымы мен Туркістан автономиясына байланысты (ке-

нестік әдебиеттерде — “Қоқан автономиясы”) отандық тарихымыздағы көзқарас эволюциясы аса қурделі жолдардан өтті. Сондыктан да бұл мәселелердің тарихнамасы да аса қурделі. Бүгінде бұл туралы толық мағлұматтар беретін енбектер баршылық [1]. Тарихымыздың әртурлі кезеңдерінде осы екі аталмыш автономиялық құрылым туралы көзқарастарда кейбір әзгерістер бола тұрса да, бір нәрсе даусыз: ол — кеңестік тоталитарлық жүйе берік орнықкан соң “Алашорда” үкіметі мен Туркістан автономиясын біржакты қаралаудың тарихнамамызда орнығып, Қазақстан төуелсіздік алғанға дейін оған қарсы дау айтудың мүмкіндігі болмағандығы. Қептомдық “Қазақ Совет энциклопедиясындағы” аталмыш автономияларға берілген бағаларды кеңестік таптық көзқарастың нақтыланған жинақталған қорытындысы ретінде қарастыруға болады деген ойдамыз. Сондыктан да осынау энциклопедиялық түсініктемелермен қайтадан толығырақ танысқанымыз жән сияқты, Алашорда үкіметі туралы аталмыш энциклопедияның бірінші томынан тәмендегідей жолдарды өкіміз: “Алашорда” — қазақтың буржуазиялық автономиясы; байлар мен феодалдардың және буржуазияшыл үлтшылдардың 1917 жылы, 5—13 (18—26) желтоқсанда Орынборда өткен (“Бүкілқыргыздық”) II съезінде жарияланғыды. Съезде құрылған Алашорда үкіметі (басшылары — Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, М.Шоқаев, Х.Ғаббасов, Х.Досмұхаммедов, Ж.Досмұхаммедов, М.Тынышбаев т.б.) бай-феодалдар мен сол кезде қалыптаса бастаған қазақ буржуазиясының таптық мүдделерін қорғады, қазақ халқын революцияшыл Россиядан, орыс пролетариатынан бөліп әкетуді мақсат еті. Бұл ушін қарулы күштер құру туралы шешім қабылданды. “Алашорда” дербес автономия дегенді желеу етіп, оны Қазақстанда Совет әкіметіне қарсы құресудің басты қурамына айналдырды. Буржуазияшыл үлтшылдар өздерінің контрреволюциялық әрекеттерін бүркемелеу үшін “ұлттық жалауды, ұлт мүддесін қорғағансыды, діни демагогияға сүйенеді...” [2].

Жалпы Алашорданы және “Алаш” партиясының Туркістан (Қоқан) автономиясымен байланыстыру да осы кезеңдегі кеңестік әдебиетте кеңінен орнықкан көзқарас. Аталмыш

энциклопедияның “Алаш” партиясы деп аталатын шарын мақаласынан осыған байланысты мынандай жолдарды өкіміз: “Алаш” партиясы Совет әкіметін мойындастынын сез жүзінде жариялағанмен, іс жүзінде қазақ халқының ішкі істеріне араласпауды талап етіп, жергілікті әкімет орындарын танымады. “Алашорда” Орал, Торғай облыстарында белімшелерін құрды, контрреволюцияшыл Қоқан автономиясымен, башқұрт үлтшылдарымен тығыз байланыста болды...” [3].

Қазақстан төуелсіздік алғанға дейін де, тіптен кейін де осы көзқарасты берік үстанип қана қоймай, сонымен бірге қарапайым тарихи шындықты бурмалап түсіндірушілер де аз болмады. Мысалы, Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін үзак жылдар бойы зерттеп журген мәскеулік ғалым В.М.Устинов езінің Қазақстанда 1996 жылы жарық көрген “Тұрар Рысқұлов: (Очерки политической биографии)” атты еңбегінде: Постепенно стали создаваться и организации по признакам отдельных национальностей. К примеру, казахская интеллигенция организовала в Туркестане отделение партии “Алаш” под названием “Бірлік туы” [4], — деп жазды. Тарихи шындық “Бірлік туының” саяси партияның белімшесі емес, Алаш қозғалысы газеттерінің бірі болғанын айтуды қажет етеді.

Ал енді Туркістан (Қоқан) автономиясының Алашордамен тығыз байланысты болғанына келер болсақ, бұл — бүгінгі тарихымызда өбден дәлелденген нәрсе. Оған тоқталып жату сондықтан да қажет бола қоймас. Алайда жоғарыда кеңестік тарихи әдебиеттер сипаттағандай, бұл байланыс ортақ көзқарасқа — жергілікті үлттардың төуелсіздікке қол жеткізуде қөзделген асқақ армандарын жүзеге асыруға негізделген еді.

Яғни, қазақ интеллигенциясы бөрінен бұрын “Қазақ жеке отау тігіп, автономия бола ала ма, жоқ әлде бола алмайды ма?” деген мәселе қатты толғандырды. Алдағы болатын жалпықазақтық съезд осы мәселелеге жауап беруі тиіс еді. Алайда саяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты алғашқы жалпықазақ съезі бұған нақты жауап бере алмағанын білеміз. Сондыктан да Ә.Бекейханов күзге қарай қазақтың “басқаларға қосылып” автономия болу жолын іздестіре бастады.

Айта кеткен жөн, “Қазақ” газеті алғашқы жалпықазақ съезіне даярлық барысында жоғарыдағы мақаласында автономия дегендің не екендігін бұқараға түсініруге күш салды. Сондықтан да Ә.Бекейханов күзге қарай қазақтың “басқаларға қосылып” автономия болу жолын іздестіре бастады. Автономияның екі түріне байланысты “Қазақ” газеті төмөндегідің пікірлер жазды: “...Бұл автономиялардың мәнісін қысқалап айтып етейік. Өуелі мемлекеттік автономия болуга ма, яки уалаяттық автономия болуга ма дедік. Бұл — екеуінің арасындағы айырмасы. Мемлекеттік автономия болса, өз Мемлекеттік Думасы болмақ; өзіне керек закондарды сол Думасы шығармақ; ақшасын өзі жасап шығармақ; барша шаруашылық ісі, теміржолы, пошта, телеграф сиякты істерінің бәрі де өзінде болмақ; жерсуының билігі де өзінде болмақ; өз алдына әскер ұстамақ; қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі ғана түрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, пошта, телеграф, әскери болмайды, жалпы мемлекеттің Мемлекеттік Думасында өкілдерін жібереді. Өз Думасы сол жалпы мемлекет Думасында шыққан законға қайшы келмestей закондарды шығаруға ықтиярлы болады. Уалаяттагы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады. Уалаяттық автономия я жер ыңғайына, я елінің ыңғайына қарай болады. Жері жақын болып белінуге ыңғайлы болса, яғни бірнеше губерния я облыс жерлерінің табиғаты бірыңғай болса, онда істеліп отырған көсіп һәм шаруашылық қалпы да бірыңғай болмақ. Бұған қарап автономия болса, ол жерге қарай автономия болған болады. Бұл жердің елі бір тұқымнан болса, тілі, діні, тұрмысы бірыңғайлы болса, ондай ел бірігіп автономия болуга жарайды. Онда елге қарай болған автономия болады. Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, ар жақ-бер жағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек” [5].

Бұл айтылғандарды бүгінгі көзben саралайтын болсақ, сол тұстағы қазақ интеллигенциясының “мемлекеттік құрылымды аңғартатының, ал “уалаиттық автономия” түсінігінің біздер одақтас республика” атап келген кеңестік мемлекет құрылымына жақын екендігін аңғарар едік. Алайда саяси түрғыдан алғанда, қазақ интеллигенциясы ұсынып отырған мемлекет құрылышының екі түрі де кеңестік мемлекет құрылышына салыстыруға келмейді. Әйткені XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы автономия турлері туралы айтқанда тек демократиялық құрылымдар туралы ойлады. Ал кеңестік мемлекет құрылышының тоталитарлық, орыс большевиктік шовинизмі арнасында өрбігені бүгінде бәрімізге белгілі.

Қазақ интеллигенттерінің автономия мәселесіндегі кез-қарасы 1917 жылдың 21 шілдесінде Орынборда ашылған жалпықазақ съезінің қаулысында көрініс тапты. Онда төмөндегіді мәселелер атап көрсетілді: “1. Мемлекет билеу түрі Россияға демократическая федеративная парламентарная республика болсын. 2. Қазақ облыстарында автономия. Қазақ облыстары қоныс, ұлт жігіне қарай облостной автономия алуға тиіс” [6].

Осылайша қазақтың Ресей федеративтік парламенттік республикасы құрамында автономия алу туралы көзқарасқа заңдық негіз жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994. 216 б.;
2. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 365 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
4. Алашорда. // Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. Алматы, 1972. 249 б.
5. “Алаш” партиясы. // Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. 249 б.
6. Устинов В.М. Турар Рыскулов: (Очерки политической биографии). Алматы: Казахстан, 1996. С. 464.
7. “Қазақ” газеті. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. 396-397-66.
8. “Қазақ” газеті. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. 405 б.